



«Бекітемің»

Мектеп директоры А. А. Абжалелова
«03» күркүйек 2021 жыл

**«№ 69 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ бойынша
2021-2022 оку жылына арналған
жалпы мектепшілік ата-аналар жиналышының жоспары**

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
I жалпы мектепшілік ата-аналар жиналышы			
1.	Жаңа 2021-2022 оку жылының басталуы туралы	Қыркүйек	Мектеп директоры А. А. Абжалелова
2.	2021-2022 оку жылындағы оку-тәрбие процесін үйімдастырудың ерекшеліктері		Тәрбие орынбасары А. Ж. Рахметова
3.	Оқушыларды ыстық тамақпен камту жұмыстарының үйімдастырылуы туралы		Әлеуметтік педагог А. Жылқайдарова
4.	Мектептің ішкі тәртіп ережелерімен ата-аналарды таныстыру		Тәрбие орынбасары А. Ж. Рахметова
II жалпы мектепшілік ата-аналар жиналышы			
1.	2021-2022 оку жылында атқарылған жұмыстарды корытындылау	Мамыр	Мектеп директоры А. А. Абжалелова
2.	Ата-аналар комитетінің жыл бойы атқарылған жұмыстар туралы есебі		Ата-аналар комитетінің төрайымы
3.	Жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алудағы ата-ана жауапкершілігі		Тәрбие орынбасары А. Ж. Рахметова
4.	Жазғы демалыс кезіндегі оқушы өмірінің қауіпсілігі		Тәрбие орынбасары А. Ж. Рахметова

ДТІЖО: *Ж.Рахметова* А. Ж. Рахметова

Катыскандар : 1-11 класс ата- аналары

Күн тәртібіндегі қаралған мәселелер:

1. Жаңа 2021-2022 оку жылының басталуы туралы

Мектеп директоры А. А. Абжалелова

2. «2021-2022 оку жылындағы оку- тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері»

Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А. Рахметова

3. «Оқушыларды ыстық тамакпен жұмыстарының ұйымдастырылуы туралы »-

Әлеуметтік педагог А. Жылқайдарова

4. Мектептің ішкі тәртіп ережелерімен таныстыру .

Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А. Рахметова

Тыңдалды :

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Рахметова жалпы ата- аналар жиналысын ашып, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырыды.

1. Мектеп директоры А. Абжалелова :

Құрметті ата- аналар, мектеп ұжымы! 2021-2022 оку жылының басталуымен құттықтай отырып, баршанызга сәтті әрі табысты жыл болсын деген тілекпен сөз бастағым келіп отыр. Биылғы оку жылын дәстүрлі форматта бастап, балалармен, ата- аналар қауымымен корісіп отырмыз. Бұл басты куанарлық жағдай. Осы орайда сіздерге «Казакстан Республикасы орта білім беру үйимдарында оку- тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022 оку жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатында көрсетілген акпараттарды сіздерге таныстыру мақсатында шакырып отырмыз.

**ОКУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТАҮРҮДҮН 2021-2022 ОКУ
ЖЫЛЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

✓ Білім алушылардың оку жүктемесін азайту.

✓ 1-сыныптарға «Әліппе», «Ана тілі», «Букварь», «Обучение грамоте», «Цифрлық сауаттылық» пәндерін енгізу.

✓ Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру.

✓ Үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыс жүргізуіді жетілдіру.

✓ Жазғы мектеп есебінен оқыту мерзімін 20 маусымға дейін ұзарту.

✓ Міндетті формативті бағалау.

✓ Сабак ұзактығы – 45 минут.

✓ 5-сыныптан 11-сыныптар аралығында «Жаһандық құзыреттіліктер» таңдау курсын немесе басқа курстарды енгізу.

✓ Мектептердің таңдауы бойынша «Музыка» оку бағдарламасының шенберінде оқыту қазак тілінде жүргізілетін 6-сыныпта домбыратартуды үрету.

✓ Оқытудың әртүрлі форматтарына (дәстүрлі, аралас, қашықтан) мектептердің дайындығын қамтамасыз ету.

✓ Ерекше білім беруді кажет ететін білім алушыларды бағалау.

✓ Ерекше білім беруді кажет ететін білім алушыларға оку бағдарламаларын бейімдеу.

✓ Ерекше білім беруді кажет ететін білім алушыларға тиімді психологиялық-педагогикалық колдау көрсету.

- ✓ Инклюзивті орта мәдениетін қалыптастыру.
 - ✓ «Окуга құштар мектеп», «Дебаттар», «Өзін-өзі басқару күні», «Мектеп театры» жобаларын іске асыру.
 - ✓ Ұлттық құндылықтар негізінде мектептің мәдени ортасын қалыптастыру (қарым-қатынас, мектеп қоңырауы).
 - ✓ Мектеп пен отбасында күнделікті 20 минут кітап оқуды үйімдастыру.
 - ✓ Ерте кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу.
 - ✓ Білім алушылардың дene дамуының мониторингі.
 - ✓ Педагогтерді тарифтеу тәртібі бойынша ұсыныстар.
 - ✓ Жан басына шаққандағы каржыландыру механизмін жетілдіру.
 - ✓ Педагогтерді жұмыска қабылдаудың жана ережелерін енгізу.
 - ✓ Мектеп пен ата-аналардың өзара байланысын күштейту.

«Күн тәртібіндегі II мәселе бойынша директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А. Рахметова 2021-2022 оқу жылындағы оқу- тәрбие процесінің ерекшеліктерін атап өтті.

Күн тәртібіндегі III мәселе бойынша әлеуметтік педагог А. Жылқайдарова:

Оқушылардың тамақтануын үйімдастыру бойынша басты міндеттері:

- әлеуметтік корғансыз отбасылар санатына жатқызылатын отбасылардан шықкан оқушыларды тегін тамақтанумен қамту;
- ата-аналар (занды өкілдер) қаражаттарының көмегімен оқушыларды рационалды тамақтандыруды үйімдастыруға колайлы жағдай жасау;
- білім беру мекемесінің асхана бөлмелерінін материалдық базасын нығайту және жаңарту;
- қызмет көрсетудің жаңа озық формаларын дамыту және тамақтану мәдениетін жоғарылату;
- тамақтанудың санитарлық-гигиеналық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- ата-аналар (занды өкілдер) мен оқушылардың арасында ыстық тамақтанудың қажеттілігі туралы түсіндірме жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу.

Оқу жылының басында оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуын үйімдастыру туралы бүйрық шығарылады, мұнда тегін ыстық тамақ алуға құқығы бар оқушылардың тізімдік құрамы бекітіледі.

Тамақтандыруды үйімдастыру

Бала денсаулығын, оның дene және ақыл-ой дамуын анықтайтын бағыттардың бірі өскелен үрпақты сапалы тамақтандыруды үйімдастыру болып табылады. Дұрыс үйімдастырылған тамақтандыру оқушылардың денсаулығын сактауға көмектесетін сөзсіз. №69 жалпы білім беретін орта мектебіндегі білім алушылар саны- 53. Оның ішінде аз қамтылған отбасы балалары саны 18. Бастауыш сыныпта оқытын білім алушылар саны 22 толық ыстық тамақпен қамтылған. Асхананың кезекшілік кестесі құрылып, белгіленген уақыт бойынша білім алушылар уақытында тамақтанады. 1-5 сыныптар асханаға үшінші сабактан кейін 15 минуттық үзілісте тамақтанса, 6-11 сыныптар асханаға төртінші сабактан кейін 15 минуттық үзілісте тамақтануға барады. Оқушыларды тамақтандыру белгіленген кестеге сәйкес жүргізіледі. Бастауыш сынып оқушыларын сынып жетекшілері асханаға алып барады және кезекші мұғалімдер тамақтану кезіндегі оқушылардың тәртібін қадағалайды. Тамақтану блогы түрі – асхана.

Отыратын орындар саны 30 орын. Тамақтану блогының санитарлық-техникалық жағдайы санитарлық талаптарды қанағаттандырады. Күн сайын ғимарат жиналып, сенбі күндері санитарлық күн болады. Тағамдарды сактау да санитарлық нормаларға сәйкес жүзеге асырылады. Қауіпсіздік техникасы ережелері сакталады, жұмыскерлермен тұракты түрде КТ бойынша нұсқамалар жүргізіледі. Біздің

асханада тағамдарды дұрыс сактауға баса назар аударылады. Мектепте әр түрлі тағам өнімдерін дұрыс сактауға арналған тоңазытқыш камералар бар, мұнда әр тағам түрі жеке сакталады. Олардың бар болуы тағам өнімдерінің сапасын тікелей дайындағанға дейін сактауға жағдай жасайды. Тамақтану блогы жұмыскерлерінің арнағы жұмыс киімдерін киоі міндетті болып табылады. Бұл қажетті санитарлық гигиеналық нормаларды сактауға мүмкіндік береді.

Мектепте ұйымдастырылған тамақтандырумен қатар буфет жұмыс жасайды. Мұнда әр түрлі пісірілген тағамдар мен әр алуан шырындар сатылады. Мектептегі **ауыз су режимін** ұйымдастыру да аса маңызды мәселелердің бірі. Мектеп асханасы толықтай қажетті ыдыс-аяқпен жабдықталған. Оның тазалығына баса назар аударылады. Жуу мен залалсыздандыру барлық санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтай отырып жүргізіледі, ен жақсы залалсыздандыру құралдары пайдаланылады. Мектептегі жұмыс жасаған уақыт ішінде асхананың кінәсінен ақазан-ішек жүқпасымен ауыру жағдайлары болған жок. Асханаға кіреберісте окушылардың колын жууға арналған арнағы орын бар. Дайындалған тағамдардың сыртқы түріне баса назар аударылады, сол себепті біздің аспаздар оған аса мән береді. Асханада үй жағдайында жайлыштық пен жылу сезінуге болады. Осылардың барлығы тамақтануға қосымша қолайлы жағдай жасайды.

Мектептегі тамақтандыруды ұйымдастыру жүйесінің міндеттері келесідей:

- окушыларды толық ыстық тамақпен қамтамасыз ету;
 - тағамның нәрлілігі мен үйлесімділігін қадағалау;
 - окушылара салауатты өмір салты ұстанымдарын үйрету;
 - жағымды дағдыларды қалыптастырып, салауатты өмір салтына қажеттілікті қалыптастыру;
 - тамақтану мәдениеті мен өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру;
- Аталмыш міндеттердің шешімін табу үшін бірқатар қызметкерлер жұмылдырылған, олар ең алдымен асхана жұмыскерлері болып табылады.
- Мектеп ата- аналар комитет Т. Ерубаева алдағы оқу жылына мақсат- міндеттер катарын ата- аналар назарына ұсынды. Талқыланды.
- Күн тәртібіндегі мәселелерді талқыла сала келе ата- аналар жиналысы
- Қаулы етеді :**
1. 2021-2022 оқу жылының басталуындағы ерекшеліктері басты назарға алынын.
 2. 2021-2022 оқу жылындағы оқу- тәрбие процесін ұйымдастыру ерекшеліктері назарға алынып, ата- аналар мен мектеп қауымдастыры құмыстары күштейтілсін.
 3. Окушылардың ысық тамақпен қамту жұмыстары қанағаттанарлық деп танылсын.
 4. Мектептің ішкі тәртіп ережелері қатаң сакталсын.

Ата- аналар комитет төрагасы
Хатшысы

Ерубаева Т.Д
А. Сауғабаева